

О.А.Абилова, ^{1*}  Р.Е.Жандилдина, ²  Г.Т.Уразова ¹ 

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

²Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ., Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Аңдатпа

Ақпараттық технологиялардың қарқынды даму жағдайында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық және ақпараттық мәдениетін дамыту өзекті болып табылады. Бұл педагогтарды ақпараттық қоғамда оңтайлы өмір сүруге дайындау және олардың ақпараттық сауаттылық негіздерін қалыптастыру қажеттілігіне байланысты. Ақпараттық технологияларды мектепке дейінгі білімге енгізілуінің маңыздылығына қарамастан, көптеген тәрбиешілер логикалық және ақпараттық мәдениеттің шектеулі деңгейіне байланысты оларды тиімді пайдалануда қиындықтарға тап болады.

Зерттеудің негізгі мақсаты-мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық және ақпараттық мәдениетінің қазіргі жағдайын талдау және оны жақсарту мен білім беру үдерісіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу Атырау қаласындағы №30 «Жұмбақ» балабақшасында жүргізілген сауалнамалар мен бақылаулар негізінде жүргізілді. Талдау ақпараттық технологияларды меңгеруді бағалауды, оқытудың логикалық әдістерін қолдануды және ақпараттық ресурстарды білім беру үдерісіне енгізуді қамтыды.

Тәрбиешілердің көпшілігі кәсіби қызметінде интернет-ресурстарды белсенді пайдаланады, бірақ олардың ІТ дағдыларының деңгейі әр түрлі, күрделі құралдарды қолдану шектеулі. Балалармен жұмыс жасауда қолданылатын логикалық ойлауды дамытудың негізгі әдістері және ақпараттық технологияларды біріктіру барысында туындайтын проблемалар анықталды.

Зерттеу мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану үшін педагогтар арасында логикалық және ақпараттық мәдениет деңгейін арттыру қажеттілігін көрсетеді. Мақсатты оқытуды ұйымдастыру, материалдық-техникалық базаны жақсарту және ІТ-ны білім беру процесіне біріктіруде үдерісінде педагогтарды қолдау үшін әдістемелік материалдарды әзірлеу ұсынылады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі ұйым педагогтары, педагог-тәрбиеші, логикалық мәдениет, ақпараттық мәдениет, ақпараттық ресурстар, ақпараттық технологиялар.

Абилова О.А., ^{1*}  Жандильдина Р.Е., ²  Уразова Г.Т. ¹ 

¹Атырауский университет им.Х.Досмухамедова, г.Атырау, Казахстан

²Аркалыкский педагогический институт им.Ы.Алтынсарина, г.Аркалык, Казахстан

ЛОГИКО-ИНФОРМАЦИОННАЯ КУЛЬТУРА ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Аннотация

В условиях быстрого развития информационных технологий и их интеграции в образовательный процесс, актуальность развития логико-информационной культуры педагогов дошкольных учреждений становится особенно значимой. Это обусловлено необходимостью подготовки нового поколения к жизни в информационном обществе и формировании у детей основ информационной грамотности с раннего возраста.

Несмотря на важность интеграции информационных технологий в дошкольное образование, многие педагоги дошкольных учреждений испытывают трудности в их эффективном использовании из-за ограниченного уровня логико-информационной культуры.

Основной целью исследования является анализ текущего состояния логико-информационной культуры педагогов дошкольных учреждений и разработка рекомендаций по её улучшению и интеграции в образовательный процесс.

Исследование проводилось на основе опросов и наблюдений в детском саду №30 «Жұмбақ» в городе Атырау. Анализ включал оценку владения информационными технологиями, применения логических методов обучения и интеграции информационных ресурсов в образовательный процесс.

Показано, что большинство педагогов активно используют интернет-ресурсы в своей работе, однако уровень их ІТ-навыков варьируется, с ограниченным применением более сложных инструментов. Выявлены основные

методы развития логического мышления, используемые в работе с детьми, и проблемы, возникающие при интеграции информационных технологий.

Исследование подчеркивает необходимость повышения уровня логико-информационной культуры среди педагогов для эффективной интеграции информационных технологий в дошкольное образование. Рекомендуется организация целенаправленного обучения, улучшение материально-технической базы и разработка методических материалов для поддержки педагогов в интеграции ИТ в образовательный процесс.

Ключевые слова: педагоги дошкольных организации, педагог-воспитатель, логическая культура, информационная культура, информационные ресурсы, информационные технологии.

Abilova O., ^{1*} Zhandildina R., ² Urazova T.¹

¹*Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan*

²*Arkalyk Pedagogical Institute named after Y.Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan*

LOGICAL AND INFORMATION CULTURE OF TEACHERS OF PRESCHOOL ORGANIZATIONS

Abstract

In the context of the rapid development of information technologies and their integration into the educational process, the relevance of the development of logical and information culture of preschool teachers becomes especially significant. This is due to the need to prepare a new generation for life in the information society and to form the foundations of information literacy in children from an early age.

Despite the importance of integrating information technologies into preschool education, many preschool teachers have difficulty using them effectively due to the limited level of logical and information culture.

The main purpose of the study is to analyze the current state of the logical and information culture of preschool teachers and develop recommendations for its improvement and integration into the educational process.

The study was conducted on the basis of surveys and observations in kindergarten No. 30 "Zhumbak" in Atyrau. The analysis included an assessment of information technology proficiency, the application of logical teaching methods and the integration of information resources into the educational process.

It is shown that most teachers actively use Internet resources in their work, but the level of their IT skills varies, with limited use of more complex tools. The main methods of developing logical thinking used in working with children and the problems arising from the integration of information technologies are identified.

The study highlights the need to increase the level of logical and information culture among teachers for the effective integration of information technologies into preschool education. It is recommended to organize targeted training, improve the material and technical base and develop methodological materials to support teachers in integrating IT into the educational process.

Keywords: teachers of preschool organizations, teacher-educator, logical culture, information culture, information resources, information technology.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінде мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық-ақпараттық мәдениетін дамыту мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Бұл ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына және оларды мектепке дейінгі білім беру процесіне енгізу қажеттілігімен түсіндіріледі. Бұл тұрғыда, логикалық-ақпараттық мәдениет - бұл педагогтарға ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалануға, ақпараттарды логикалық тұрғыда қолдана білуге және оларда ақпараттық сауаттылық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім, дағдылар жиынтығы [1]. Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын басқаруға инновацияларды енгізу көзделеді. Басқарушылық қызметтің тиімділігін едәуір арттыратын, демек, тұтастай алғанда мекеменің дамуына ықпал ететін мұндай инновация қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар болып саналады [2].

Бұл тақырыптың өзектілігі мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру сапасына қойылатын қоғамдық талаптарға ғана емес, сонымен қатар жаңа ұрпақты ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау қажеттілігіне байланысты. Мектепке дейінгі ұйым педагогтары балаларды жазу және санаудың қарапайым негіздеріне үйретіп қана қоймай, оларды цифрлық

технологиялар әлеміне енгізу міндетіне бетпе-бет келеді, бұл олардан логикалық-ақпараттық мәдениетті тиісті даярлауды және дамытуды талап етеді [3].

Мәселе мынада, мектепке дейінгі ұйымдардың көптеген педагогтары ақпараттық технологиялар саласында жеткілікті құзыреттілікке ие емес, бұл мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық әдістерін енгізуді қиындатады. Бұл педагогтардың логикалық-ақпараттық мәдениетін дамытуға бағытталған біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуге қажеттілік туғызады. Осы мақала барысында біз мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының логикалық-ақпараттық мәдениетінің негізгі аспектілерін қарастырамыз, ақпараттық қоғам жағдайында мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі негізгі проблемаларды анықтаймыз және оларды шешу жолдарын ұсынамыз.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты - мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық және ақпараттық мәдениетінің қазіргі жағдайын зерттеу және талдау және оны жақсарту және білім беру үдерісіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Логикалық-ақпараттық мәдениеттің теориялық негіздерін және оның мектепке дейінгі білім берудегі маңыздылығын зерттеу.

- Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары арасындағы логикалық-ақпараттық мәдениеттің қазіргі жағдайы мен деңгейін талдау.

- Педагогтардың логикалық-ақпараттық мәдениетін дамыту жолындағы негізгі проблемалар мен кедергілерді анықтау.

- Педагогтардың логикалық-ақпараттық мәдениетінің деңгейін арттыру үшін практикалық ұсынымдар мен әдістемелік тәсілдерді әзірлеу.

Бұл зерттеудің жаңалығы мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің логикалық және ақпараттық мәдениетін зерттеуге қатысты кешенді көзқараста жатыр. Алғаш рет бар проблемаларды жан-жақты талдауға және білім беру жағдайында бағытталған нақты ұсыныстарды әзірлеуге әрекет жасалды. Зерттеу мектепке дейінгі ұйым педагогтарының жұмыс ерекшеліктерін ескереді және қазіргі білім берудің өзекті қажеттіліктері мен шындықтарына сүйене отырып, ақпараттық технологияларды білім беру процесіне біріктіру жолдарын ұсынады.

Негізгі ережелер. Логикалық және ақпараттық мәдениет қазіргі білім беру кеңістігіндегі педагог--тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Ол тек ақпараттық технологияларды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар ақпаратты білім беру мақсатында логикалық өңдеу, талдау және пайдалану қабілетін де қамтиды. Логикалық және ақпараттық мәдениет екі негізгі тірекке негізделген: логикалық ойлау және ақпараттық сауаттылық. Логикалық ойлау қол жетімді ақпарат негізінде талдау, синтездеу, қорытынды жасау және шешім қабылдау қабілетін қамтиды [4]. Ақпараттық сауаттылық әртүрлі форматтағы ақпаратты іздеу, бағалау және пайдалану дағдыларын қамтиды. Мектепке дейінгі білім беруде педагогтың логикалық және ақпараттық мәдениеті ерекше мәнге ие болады. Біріншіден, бұл педагог-тәрбиешіге ақпараттық технологияларды білім беру процесіне тиімді біріктіруге мүмкіндік береді, бұл оны интерактивті және балаларға тартымды етеді. Екіншіден, мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық қабілеттерін дамыту олардың кейінгі білім беру жетістіктерінің негізі болып табылады. Логикалық-ақпараттық мәдениеті дамыған педагог балаларда сыни ойлауды, шығармашылықты және тәуелсіздікті ынталандыруға, оларды мектепте оқуға және ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындауға қабілетті [5].

Т.В.Калининаның айтуынша, қазіргі балалар ақпараттық қоғамда туып, өмір сүреді, онда ақпараттық-білім беру ортасы үздіксіз білім берудің бірінші буынынан - мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан) бастап белсенді түрде қалыптасып, жұмыс істейді. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі ақпараттық - білім беру ортасының басты міндеті - баланың жеке басының байытылған даму әлеуетін құру және

оны ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау. Ол үшін мектепке дейінгі балалық шақтың ерекшелігін ескере отырып, балаларды ақпараттық мәдениеттің бастапқы негіздерімен таныстыру қажет. Олардың заманауи техникаға, маңызды ғылыми жаңалықтарға деген қызығушылығын дамыту, АКТ саласындағы идеяларын біртіндеп байыту, дағдыларды дамыту, әр түрлі қызмет түрлерінде заманауи техника мен озық технологияларды қолдану қажеттілігін қалыптастыру маңызды [6]. Ол үшін балаларға білім беретін педагог-тәрбиешінің өзі кәсіби құзыретті болуы тиіс.

Ю.А.Дмитриевтің мақаласына сүйенсек, мектепке дейінгі білім беру педагогтарының ақпараттық құзыреттілігінің құрылымында мотивациялық-құндылық, танымдық және тәжірибеге бағытталған компоненттерді шартты түрде ажыратуға болады.

Мотивациялық-құндылық компоненті білім беру қызметінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланудың әртүрлі аспектілері мен бағыттарына жоғары ынталы қатынасты, жаңа ақпараттық технологияларды игеруге және оларды балалармен және ата-аналармен білім беру жұмысында іске асыруға дайындықты, сондай-ақ педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеу, озық тәжірибені зерделеу үшін айқындайтын маманның басым кәсіби қасиеттерімен байланысты. Когнитивті не танымдық компонент тәрбиешілердің педагогикалық шеберлікті арттыру үшін ақпараттық технологиялардың маңызды мүмкіндіктері туралы хабардар болуын, білім беру қызметін жүзеге асыру үшін қажетті технологиялар жүйесін игеруді, бағдарламалық және аппараттық құралдарды, мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда қолданылатын мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктерін білуді қамтиды. Тәжірибеге бағдарланған компонент маманның ақпараттық дағдыларды меңгеруін (іздеу, сыни талдау және іріктеу, жүйелеу және сақтау, шығармашылық пайдалану, беру, ақпаратты қорғау), жаңа ақпараттық және дәстүрлі педагогикалық технологияларды, оның ішінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда интеграциялау қабілетін қамтиды [7].

Мектепке дейінгі білім беру педагогының ақпараттық құзыреттілігі көптеген білімдерге негізделген, оларға мыналар жатады:

- дербес компьютермен жұмыс істеу негіздері: мектеп жасына дейінгі балалармен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалармен, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен өзара әрекеттесу үшін өзін-өзі тәрбиелеуге, білім беру қызметіне арналған компьютерлік техниканың құрылымымен мүмкіндіктерін білу;

- заманауи компьютерлік телекоммуникациялардың, ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері;

- оқу бағдарламасының мазмұны, компьютерлік техниканы пайдалана отырып, балаларға қосымша білім берудің әдістемесі мен ұйымдастырылуы, балалардың ғылыми-техникалық зерттеу қызметінің мазмұны;

- компьютерлік қолдауы бар педагогикалық диагностика технологиялары;

- компьютерлік ойын және оқу іс-әрекеті процесінде тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау ережелері [8].

Мектепке дейінгі білім беру педагогының ақпараттық мәдениетінің критерийлерін қарастыруға болады, атап айтқанда:

- ақпаратқа деген қажеттілікті барабар тұжырымдай білу;

- ақпараттық ресурстардың барлық жиынтығында қажетті ақпаратты іздеуді тиімді жүзеге асыру [9].

Л.И.Аббасова мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагог-тәрбиешілердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру моделін ұсынды:

- 1) мотивациялық-нысаналы блок оқытудың жоспарланатын нәтижесін, білім алушылар қол жеткізуі тиіс ақпараттық мәдениеттің қалыптасу деңгейі туралы ұсынысты қамтиды;

- 2) теориялық-әдіснамалық блок ұсынылған модельді құруға негіз болған ақпараттық мәдениеттің компоненттерін, ғылыми тәсілдер мен қағидаттарды ашады;

3) диагностикалық блок ақпараттық мәдениетті қалыптастыру өлшемдерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін сипаттайды;

4) іс жүргізу-мазмұндық блок кезеңдерді, жұмыс нысандарын және бірқатар педагогикалық жағдайларды қамтиды, оларды іске асыру, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың тиімділігін едәуір арттырып, әрбір кезең үшін болжамды нәтижеге қол жеткізе алады;

5) нәтижелі блок педагогикалық процестің тиімділігін көрсетеді [10].

Негізгі ережелер. Зерттеу ақпараттық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу және педагог-тәрбиешілерді ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындауда олардың логикалық-ақпараттық мәдениетті дамытудың маңыздылығын айқындайды.

Тәрбиешілердің көпшілігі негізгі ІТ дағдыларын қолданатыны анықталды, бірақ жетілдірілген технологияларды шектеулі түрде қолданады, бұл тереңдетілген оқыту мен біліктілікті арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Білім мен дағдылардың жетіспеушілігі, оқудың шектеулі уақыты және қажетті техникалық құралдардың болмауы сияқты негізгі кедергілер анықталды, бұл білім беру процесінде ІТ-ді тиімді пайдалануды қиындатады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу үшін Атырау қаласындағы №30 «Жұмбақ» балабақшасы таңдалды. Бұл мекемені таңдау оның білім беру үдерісіне инновациялық көзқарасымен және педагогикалық тәжірибеде қолданылатын ақпараттық технологиялардың кең ауқымының болуымен байланысты. Бұл таңдау логикалық және ақпараттық мәдениетті мектепке дейінгі білім беру саласындағы озық тәжірибелерге мүмкіндігінше жақын жағдайда зерттеуге мүмкіндік береді. Деректерді жинаудың негізгі құралы педагогтар арасындағы логикалық және ақпараттық мәдениет деңгейін бағалауға бағытталған сауалнамалар болды. Сауалнамада сандық талдау үшін жабық сұрақтар да, қатысушыларға өз пікірлерін егжей-тегжейлі айтуға және тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік беретін ашық сұрақтар да қолданылды. Бұл көп қырлы талдау жүргізуге және зерттелетін мәселе туралы терең түсінік алуға мүмкіндік береді. Сауалнама ақпараттық технологияларды меңгеруге, оқытудың логикалық әдістерін қолдануға және ақпараттық ресурстарды білім беру процесіне біріктіруге қатысты сұрақтарды қамтыды. Жиналған деректерді талдау үшін сандық және сапалық әдістер қолданылды. Сандық талдау сауалнаманың жабық сұрақтарына жауаптарды статистикалық өңдеуді қамтыды, ал сапалық талдау ашық сұрақтарға жауаптар мен қатысушылардың пікірлерін түсіндіруге бағытталған. Сауалнамадан басқа, ақпараттық технологиялар мен логикалық ойлауды дамыту әдістерінің практикалық қолданылуын бағалау үшін балабақшадағы білім беру үдерісін бақылау жүргізілді. Мектепке дейінгі мекемелерде қолданылатын бағдарламалық құжаттар, әдістемелік құралдар және басқа да баспа материалдары зерттелді. Бұл әдіс логикалық-ақпараттық мәдениетті дамытуға бағытталған ресурстардың болуы мен сапасын бағалауға мүмкіндік береді.


Нәтижелер. Талдау тәрбиешілермен жүргізілген сауалнамалар мен білім беру үдерісін бақылау негізінде жүргізілді. Сауалнамалар ақпараттық технологияларды меңгеруге, оқытудың логикалық әдістерін қолдануға және ақпараттық ресурстарды білім беру үдерісіне біріктіруге қатысты сұрақтарды қамтыды. Сауалнаманың мақсаты: ақпараттық технологияларды меңгеру деңгейін, логикалық ойлау саласындағы білімді және осы білімді білім беру үдерісінде қолдануды бағалау. Сауалнамаға 10 тәрбиеші қатысты. Тәрбиешілер ашық сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап бере отырып, сауалнамаларды өз бетінше толтырды.

Ақпараттық технологияларды меңгеру бойынша:

«Сіз өз жұмысыңызда қандай ақпараттық технологияларды қолданасыз?» деген сұраққа көптеген тәрбиешілер Microsoft Word, PowerPoint сияқты негізгі бағдарламаларды қолдануды атап өтті. Кейбіреулер ABCmouse және Raz-Kids сияқты білім беру қосымшалары мен платформаларын қолдануды атап өтті. Бағдарламалау немесе деректерді өңдеу сияқты

күрделі құралдар туралы толық сипаттап айта алмады, бұл педагог-тәрбиешілердің ІТ дағдыларының шектеулі екендігін көрсетеді.

«Компьютерді меңгеру деңгейін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз» сұрағына тәрбиешілердің 30% - ы өз дағдыларын орташадан төмен (2) немесе жаңадан бастаушылар (1) ретінде бағалайды, бұл қосымша оқыту мен ақпараттық технологиялар құзыреттілігін арттырудың ықтимал қажеттілігін көрсетеді. Тәрбиешілердің 40% - ы өз дағдыларын орташа (3) деп бағалады, бұл күнделікті тапсырмалар үшін жеткілікті компьютерлік дағдыларды меңгеруді көрсетеді: тәрбиешілердің 20% - ы орташадан жоғары (4) деп санайды, бұл білім беру бағдарламалары мен құралдарын жетілдіруді қамтуы мүмкін. Тәрбиешілердің тек 10% - ы өздерін озық пайдаланушылар деп санайды, бұл әртүрлі технологиялық құралдарды білім беру үдерісін біріктіру қабілетін көрсете алады.




Сурет 1. «Білім беру материалдарын дайындау үшін интернет-ресурстарды қаншалықты жиі пайдаланасыз?» сұрағының жауаптары

Педагог-тәрбиешілердің жартысы өз тәжірибесінде интернет-ресурстарды белсенді пайдаланады, бұл олардың заманауи технологияларды білім беру үдерісіне енгізуге дайын екендігін көрсетеді. Тәрбиешілердің 30%-ы материалдарды дайындау үшін интернетті үнемі пайдаланады, бұл цифрлық ресурстарды пайдаланудың жалпы тенденциясын көрсетеді. Тәрбиешілердің аз бөлігі (20%) интернет-ресурстарды сирек пайдаланады, бұл дағдылардың белгісіздігін немесе сапалы ресурстарға қол жетімділіктің жоқтығын көрсетуі мүмкін.

Деректерге сүйене отырып, мектепке дейінгі тәрбиешілердің көпшілігі өз жұмысында интернет-ресурстарды белсенді пайдаланады деп қорытынды жасауға болады, дегенмен олардың компьютерлік дағдыларының деңгейі әр түрлі. Өз дағдыларын орта деңгейден төмен немесе жаңадан бастаушылар ретінде бағалайтын тәрбиешілердің ақпараттық құзыреттілігін арттыруға ерекше назар аудару керек. Бұған мамандандырылған білім беру бағдарламаларын пайдалану, ақпаратты тиімді іздеу және интерактивті оқу материалдарын жасау бойынша оқыту кіруі мүмкін. Мұндай шаралар мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды біркелкі және тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Білім беруде логикалық әдістерді қолдану бойынша:



Сурет 2. «Балалармен жұмыс жасауда логикалық ойлауды дамытудың қандай әдістерін қолданасыз?» сұрағының жауаптары

Логикалық ойындар (40%) - бұл тәрбиешілер қолданатын ең танымал әдіс. Ол сыни ойлауды және проблемалық шешімді ынталандыратын ойындарды қамтиды. Басқатырғыштар (20%) - бұл әрекеттер балалардың кеңістіктік қабылдауы мен аналитикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Рөлдік ойындар (30%) балаларға әлеуметтік және коммуникативті дағдыларды, сондай-ақ әлеуметтік жағдайларда логикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Интерактивті сабақтар (10%) оқыту үшін технологиялар мен интерактивті құралдарды пайдалануды қамтиды, бұл логикалық ойлауды динамикалық және заманауи түрде дамытуға ықпал етеді.


«Сіздің ойыңызша, мектеп жасына дейінгі балаларда логикалық ойлауды дамыту қаншалықты маңызды?» сұрағына тәрбиешілердің едәуір бөлігі (40%) балалардың жалпы интеллектуалды дамуы үшін логикалық ойлауды дамытудың маңыздылығын түсінеді. Тәрбиешілердің көпшілігі (50%) логикалық ойлауды дамытуды маңызды деп санайды, оның білім беру процесіндегі рөлін атап көрсетеді. Тәрбиешілердің аз бөлігі (10%) бұл үрдіске қалыпты мән береді.

«Балаларда логикалық ойлауды дамытуға бағытталған ойындарға немесе әрекеттерге мысалдар келтіріңіз» деген сұраққа ең жиі айтылатын мысалдар басқатырғыштар, сәйкестік ойындары (мысалы, жануарларды тіршілік ету ортасымен байланыстыру), жіктеу ойындары (мысалы, заттарды түсі немесе пішіні бойынша сұрыптау) және конструкторлар мен лабиринттер болды.

Деректерге сүйене отырып, тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балаларда логикалық ойлауды дамыту үшін әртүрлі әдістерді белсенді қолданады деген қорытынды жасауға болады. Алайда, қолданылатын әдістерді кеңейту және әртараптандыру, атап айтқанда интерактивті технологияларды пайдалануды арттыру мүмкіндігі бар. Бұл балалардың логикалық қабілеттерін тереңірек және жан-жақты дамытуға, оларды заманауи білім беру және әлеуметтік талаптарға бейімдеуге ықпал етуі мүмкін.

Ақпараттық ресурстарды білім беру үдерісіне біріктіру бойынша:

«Сіз өзіңіздің педагогикалық тәжірибеңізде электрондық білім беру ресурстарын пайдаланасыз ба?» деген сұраққа тәрбиешілердің көпшілігі (80%) электрондық білім беру ресурстарын белсенді пайдаланады, бұл цифрлық технологиялардың білім беру үдерісінде қолданудың жоғары дәрежесін көрсетеді. Алайда, 20%-ы мұндай ресурстарды пайдаланбайды, бұл дағдылардың немесе техникалық құралдардың жетіспеушілігі сияқты әртүрлі кедергілерге байланысты болуы мүмкін.



Сурет 3. «Ақпараттық технологияларды білім беру енгізу кезінде қандай кедергілерге тап боласыз?» сұрағының жауаптары

Білімнің немесе дағдылардың жетіспеушілігі (40%) және оқуға уақыттың жетіспеушілігі (40%) негізгі кедергілер болып табылады, бұл педагог-тәрбиешілерге қосымша оқыту мен тренингтер ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.

Техникалық құралдардың болмауы (20%) мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсарту қажеттілігін көрсете отырып, айтарлықтай кедергі болып табылады.

«Ақпараттық технологияларды тиімдірек пайдалану үшін сізге қандай қолдау немесе оқыту шаралары пайдалы болар еді?» сұрағына IT бойынша семинарлар (40%) және әдістемелік материалдар (30%) педагогтар арасында қолдаудың ең сұранысқа ие нысандары болып табылады. Бұл оқытуға жүйелі және құрылымдық көзқарастың қажеттілігін көрсетеді. IT дағдылары бойынша тренингтер (20%) және онлайн курстар (10%) да маңызды, бірақ онша қолайлы емес, бұл оқу процесінде жеке өзара әрекеттесудің артықшылықтарымен және жаңа білімді практикалық қолдану қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау барысында логикалық-ақпараттық мәдениеттің дамуын қиындататын негізгі проблемалар мен кедергілер анықталды:

- Көптеген тәрбиешілер IT дағдыларын меңгерудің негізгі немесе орташа деңгейін көрсетеді, негізінен қарапайым бағдарламалар мен интернет-браузерлерді пайдаланумен шектеледі. Күрделі құралдармен жұмыс істеу тәжірибесінің болмауы олардың осы саладағы құзыреттерін кеңейту және тереңдету қажеттілігін көрсетеді.

- Білім мен дағдылардың жетіспеушілігі, сондай-ақ оқытудың шектеулі уақыты ақпараттық технологияларды білім беру үдерісіне біріктірудің негізгі кедергілері болып табылады. Бұл мектепке дейінгі білім беру тәрбиешілері үшін арнайы әзірленген мақсатты тренингтерді, семинарларды және онлайн курстарды ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді. Мұндай оқыту технологияларды қолданудың практикалық аспектілерін де, оларды білім беру бағдарламасына біріктіру әдістерін де қамтуы керек. Мектепке дейінгі ұйымдарда қажетті техникалық құралдардың болмауы педагогтардың инновациялық білім беру технологияларын енгізу мүмкіндіктерін шектейді. Бұл инфрақұрылымды жақсарту және қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету үшін білім беру әкімшіліктерінің назарын талап етеді.

- Педагог-тәрбиешілер балаларда логикалық ойлауды дамыту үшін әртүрлі әдістерді қолданғанымен, бұл әдістерді кеңейту және әртараптандыру қажет. Мысалы, интерактивті технологиялар мен цифрлық білім беру ойындарын көбірек пайдалану тиімдірек және қызықты оқытуға ықпал етуі мүмкін.

• Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі тарапынан қолдаудың болмауы және педагогтар арасында уәждеменің болмауы да логикалық-ақпараттық мәдениетті дамыту жолында кедергі болуы мүмкін. Қолайлы орта құру және үздіксіз кәсіби дамуға деген қызығушылықты арттыру осы саладағы табыстың негізгі факторлары болып табылады.

Көрсетілген кедергілер мен мәселелердің алдын алу үшін келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

- Компьютерлік сауаттылық негіздерін, білім беру бағдарламалары мен интернет-ресурстарды пайдалануды қоса алғанда, педагогтар үшін ІТ дағдыларды арттыру бойынша мамандандырылған курстар мен тренингтерді әзірлеу және өткізу. Жаңа білімді іс жүзінде қолдануға бағытталған ақпараттық технологияларды білім беру процесіне енгізу бойынша мастер-класстар мен семинарлар өткізу.

- Мектепке дейінгі ұйымдарды компьютерлермен, интерактивті тақталармен, интернетпен және қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету. Балаларда логикалық ойлау мен ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін білім беру бағдарламалары мен қосымшаларын енгізу.

- Педагог-тәрбиешілердің логикалық ойлауы мен ақпараттық мәдениетін дамытуға бағытталған әдістемелік құралдарды құру және тарату. Оқу құралдарына ақпараттық технологияларды қолданатын тиімді жаттығулар, ойындар мен сабақтардың мысалдарын қосу.

- Білім беру үдерісіне ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдістемелерді белсенді енгізгені үшін педагогтар үшін ынталандыру және марапаттау жүйесін әзірлеу. Тәжірибе мен идеялармен бөлісу және ағымдағы мәселелерді анықтау және шешу үшін әкімшілікпен тұрақты кездесулер мен талқылауларды ұйымдастыру. Тәрбиешілерді білім беру үдерісінде эксперименттер мен инновацияларға, соның ішінде мультимедиялық материалдар мен онлайн ресурстарды пайдалануға ынталандыру.

Бұл ұсыныстар мен тәсілдер педагогтар арасында логикалық-ақпараттық мәдениет деңгейін арттыруға және мектепке дейінгі ұйымдарда неғұрлым тиімді және заманауи білім беру үдерісін қамтамасыз етуге арналған.

Талқылау. Педагог-тәрбиешілерге арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу кезінде теориялық негіздер мен практикалық дағдылар арасындағы тепе-теңдікті ескеру өте маңызды. Негізгі міндеттердің бірі - тәрбиешілердің ақпараттық технологиялардың техникалық аспектілерін игеріп қана қоймай, сонымен қатар бұл құралдарды логикалық тұрғыда ұтымды қолдана білу үшін білім беру үдерісіне қалай біріктіруге болатындығын түсінуін қамтамасыз ету. Негізгі сын-тегеуріндердің бірі ақпараттық технологиялар саласындағы педагогтердің құзыреттілік деңгейін арттыру болып табылады. Сауалнама көрсеткендей, көптеген тәрбиешілер осы салада білім мен дағдылардың жетіспеушілігін сезінеді. Сондықтан тәрбиешілердің қажеттіліктеріне сәйкес қол жетімді және бейімделетін тиімді оқыту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру маңызды. Білім берудегі инновациялық және шығармашылық тәсілдерге ерекше назар аудару керек.

Білім беру саясаты логикалық және ақпараттық мәдениеттің дамуына қалай ықпал ететініне назар аудару керек. Мектепке дейінгі мекемелерде АКТ қолдануды қолдауға бағытталған ұлттық бағдарламаларды енгізу білім беру үдерісінің қолжетімділігі мен сапасын жақсартуға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Ата-аналар мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру үдерісіне белсенді қатысуы маңызды рөл атқарады. Ата-аналарға арналған семинарлар мен іс-шараларды ұйымдастыру олардың ақпараттық сауаттылық және логикалық ойлаудың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы арасындағы тығыз қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді. Әр түрлі салалардағы білімді біріктіру білім беру үдерісін байытады және логикалық-ақпараттық мәдениетті дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Педагогика, психология және ақпараттық технологияларды біріктіретін тәсіл тиімді және инновациялық білім беру бағдарламаларын құруға әкелуі мүмкін.

Ойын технологияларын, интерактивті әдістерді және шығармашылық тапсырмаларды біріктіру балалардың қызығушылығы мен белсенділігін айтарлықтай арттырады және материалды тереңірек игеруге ықпал етеді. Бұл салада, әсіресе мектепке дейінгі білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды енгізудің ұзақ мерзімді әсері тұрғысынан қосымша зерттеулер қажет. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық және ақпараттық мәдениетіндегі өзгерістер балалардың білім беру нәтижелеріне қалай әсер ететінін түсіну маңызды. Ақпараттық технологияларды мектепке дейінгі білімге енгізудің негізін құра отырып, жаңа ұрпақты тез өзгеретін ақпараттық қоғамда табысты өмір сүруге дайындаймыз.

Қорытынды. Осы зерттеу барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық-ақпараттық мәдениетінің негізгі аспектілері мен мәселелері анықталды. Негізгі қорытынды-көптеген тәрбиешілердің ақпараттық технологияларды белсенді қолдануына қарамастан, олардың осы саладағы құзыреттілік деңгейінде айтарлықтай алшақтық бар. Бұл педагог-тәрбиешілердің ІТ дағдыларын шектеулі меңгеруден және білім беру үдерісіне инновациялық әдістерді жеткіліксіз қолданудан көрінеді. Педагог-тәрбиешілердің логикалық-ақпараттық мәдениет деңгейін арттыру мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды табысты енгізудің негізгі шарты болып табылады. Бұл мамандандырылған тренингтер мен семинарларды ұйымдастыруды, мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жаңартуды және білім беру процесінде ІТ қолдануға бағытталған әдістемелік материалдарды әзірлеуді қажет етеді. Тәрбиешілердің логикалық және ақпараттық мәдениетін нығайту мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға, балаларды ақпараттық қоғамға сәтті бейімделуге дайындауға және ерте жастан бастап ақпараттық сауаттылық негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын неғұрлым үйлесімді және дамыған қоғамның қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Москвина А.С., Мельников Т.Н., Потанина Л.Т. *Современные информационно-коммуникационные средства в системе подготовки педагога для дошкольного образования //Педагогическое образование и наука. – 2018. – №. 5. – С. 122-126.*
2. Анисимова Э. С., Ибатуллин Р. Р. *Формирование информационно-коммуникационной компетентности педагогов дошкольного образования //Современные проблемы науки и образования. – 2018. – №. 6. – С. 190-190.*
3. Зюзина Т.Н. *Роль и место информационных технологий в дошкольном образовании //Конференциум АСОУ: сборник научных трудов и материалов научно-практических конференций. – Государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования Московской области Академия социального управления, 2015. – №. 1. – С. 625-631.*
4. Плетенёва И.Ф. *Логические приемы в воспитательной деятельности педагогов дошкольных образовательных учреждений //Гносеологические аспекты образования. – 2016. – С. 192-196.*
5. Гладкова Ю.А. *Информационная компетентность педагога дошкольной образовательной организации в условиях мировой цифровизации //Современные векторы развития образования: актуальные проблемы и перспективные решения. – 2019. – С. 438-443.*
6. Калинина Т.В., Дмитриев Ю.А. *Информационная компетентность педагога дошкольного образования //Преподаватель XXI век. – 2014. – Т. 1. – №. 1. – С. 100-108.*
7. Дмитриев Ю. А. *Совершенствование информационной компетентности будущих педагогов дошкольного образования //Нижегородское образование. – 2015. – №. 3. – С. 135-140.*
8. Рудой, О.Ф. *Подготовка педагогов к реализации современных технологий дошкольного образования : монография. - 2013. – 181 с.*
9. Ходакова Н.П. *Роль информационных технологий в организации предметно-пространственной среды образовательного учреждения //Гаудеамус. – 2013. – №. 2 (22). – С. 36-38.*
10. Аббасова Л.И., Сейтмамбетова С.Р. *Модель формирования информационной культуры будущих воспитателей дошкольной образовательной организации //Наука, образование и культура. – 2021. – №. 3 (58). – С. 27-30.*

References:

1. Moskvina A.S., Mel'nikov T.N., Potanina L.T. *Sovremennye informacionno-kommunikacionnye sredstva v sisteme podgotovki pedagoga dlja doshkol'nogo obrazovanija [Modern information and communication tools in the teacher training system for preschool education]//Pedagogical education and science. – 2018. – №. 5. – P. 122-126.*

2. Anisimova Je. S., Ibatullin R. R. *Formirovanie informacionno-kommunikacionnoj kompetentnosti pedagogov doshkol'nogo obrazovaniya [Formation of information and communication competence of preschool teachers]*// *Modern problems of science and education*. – 2018. – №. 6. – P. 190-190.

3. Zjuzina T. N. *Rol' i mesto informacionnyh tehnologij v doshkol'nom obrazovanii [The role and place of information technology in preschool education]*// *ASOU Conference: collection of scientific papers and materials of scientific and practical conferences*. – State budgetary educational institution of Higher Education of the Moscow region Academy of Social Management, 2015. – №. 1. – P. 625-631.

4. Pletenjoya I. F. *Logicheskie priemy v vospitatel'noj dejatel'nosti pedagogov doshkol'nyh obrazovatel'nyh uchrezhdenij [Logical techniques in the educational activities of teachers of preschool educational institutions]*// *Epistemological aspects of education*. – 2016. – P. 192-196.

5. Gladkova Ju. A. *Informacionnaja kompetentnost' pedagoga doshkol'noj obrazovatel'noj organizacii v uslovijah mirovoj cifrovizacii [Information competence of a teacher of a preschool educational organization in the context of global digitalization]*// *Modern vectors of education development: current problems and promising solutions*. – 2019. – P. 438-443.

6. Kalinina T. V., Dmitriev Ju. A. *Informacionnaja kompetentnost' pedagoga doshkol'nogo obrazovaniya [Information competence of a teacher of preschool education]* // *Teacher of the XXI century*. – 2014. – T. 1. – №. 1. – P. 100-108.

7. Dmitriev Ju. A. *Sovershenstvovanie informacionnoj kompetentnosti budushhih pedagogov doshkol'nogo obrazovaniya [Improving the information competence of future teachers of preschool education]*// *Nizhny Novgorod education*. – 2015. – №. 3. – P. 135-140.

8. Rudoj, O. F. *Podgotovka pedagogov k realizacii sovremennyh tehnologij doshkol'nogo obrazovaniya : monografija [Preparation of teachers for the implementation of modern technologies of preschool education : monograph]*. -2013. – 181 p.

9. Hodakova N. P. *Rol' informacionnyh tehnologij v organizacii predmetno-prostranstvennoj sredy obrazovatel'nogo uchrezhdenija [The role of information technology in the organization of the subject-spatial environment of an educational institution]* // *Gaudeamus*. – 2013. – №. 2 (22). – P. 36-38.

10. Abbasova L.I., Sejtmbetova S.R. *Model' formirovaniya informacionnoj kul'tury budushhih vospitatelej doshkol'noj obrazovatel'noj organizacii [A model for the formation of the information culture of future educators of a preschool educational organization]* // *Science, education and culture*. – 2021. – №. 3 (58). – P. 27-30.

МРНТИ 14.29.08

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.021>

Ф.А.Абдримова,^{1*}  У.К.Кыякбаева¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЭРГОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа

Мақалада білім беру жүйесіндегі басым бағыт – денсаулықты сақтау және жеке тұлғаны дамыту жағдайында, болашақ педагогтерді білім беру эргономикасының негіздеріне оқыту жүйесі қарастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі жайлы және қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз етудің әлемдік трендтерін ескеретін эргономикалық білім беру ортасын құруда эргономикалық білімі бар педагогтерді талап етеді.

Эргономика – жайлылық, қауіпсіздік және тиімділікке қол жеткізу үшін осы өзара әрекеттесуді оңтайландыру мақсатында адамның қоршаған ортамен әрекеттесуін зерттейтін пәнаралық сала. Басқаша айтқанда, эргономика – бұл өмір мен жұмысты ыңғайлы және өнімді ету туралы ғылым.

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымда арнайы ұйымдастырылған, бейімделген эргономикалық ортаны құру мәселесі өзекті болып табылады. Бұл мәселені болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің эргономикалық дағдыларын қалыптастыру арқылы шешуге болады. Мақалада «эргономика», «педагогикалық эргономика» және «эргономикалық дағдылар» ұғымдарының мәні ашылып, олардың қалыптасу және даму үдерісіне шолу жасалады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері эргономикалық дағдыларының қаншалықты қалыптасқандығы сауалнама әдісімен анықталды.

Түйін сөздер: эргономика, педагогикалық эргономика, мектепке дейінгі ұйым педагогі, эргономикалық дағдылар.